

**Бұл нұсқаулық тест өткізілетін күні сақталуы тиіс, маңызды қағидалар мен нұсқаулықтардан тұрады. Нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Сұрақтарыңыз болса, емтихан алушыға хабарласыңыз.**

## ЕРЕЖЕЛЕР МЕН НҰСҚАУЛАР

- Емтихан кезінде емтихан алушы берген қарындашты ғана пайдалану **тиіссіз**.
- Үстелде тек қана: қарындаш, өшіргіш, затбелгісі жоқ, түссіз шөлмектегі су және жеке куәлік / паспорт болуы **тиіс**.
- Ұялы телефоныңызды немесе басқа да электрондық құрылғыны және ондағы барлық дабылдарды өшіріп, басқа да жеке заттармен бірге арнайы белгіленген жерге қалдыруыңыз **керек**.
- Тиісті нұсқау берілгенде жазуды дереу тоқтатуыңыз **қажет**.
- Емтихан алушы емтихан бланкілері мен жауап парақтарын жинап алғанша күте тұруыңыз **қажет**.
- Осыдан кейін сізге емтихан бөлмесінен кетуге рұқсат беріледі.
- Емтиханға өзіңіздің фотосуретіңіз бар, жеке басыңызды куәландыратын құжатты әкелуге **тиіссіз**. Бұл құжат емтихан бөлмесіне кіру үшін де қажет. Бұл жеке куәлік немесе паспорт болуы тиіс. Егер тек туу туралы куәлігіңіз ғана бар болса, орта мектептен фотосуретіңіз бар, директордың қолы қойылған және мөр басылған анықтаманы әкеліңіз.
- Емтихан аяқталғанға дейін жауап парақтарына жауаптарды көшіруіңіз **қажет**.
- Емтихан алушыдан арнайы нұсқау болмаса, емтихан арасындағы үзіліс кезінде емтихан бөлмесінен шықпауыңыз **қажет**.
- Көшіруге, біреуге бір нәрсе беруге, біреуден қандай да бір зат алуға, басқа үміткерлермен сөйлесуге **тыйым салынады**.
- Емтихан кезінде басқа үміткерлермен сөйлесуге немесе оларға кедергі жасауға **тыйым салынады**.
- Ұялы телефон, электронды жазғыш құрылғысын, MP3 плеер, камера және т.б. сияқты, кез келген электрондық құрылғыларды әкелуге **тыйым салынады**.
- Сөздікті пайдалануға немесе сөздікке қарау мүмкіндігін пайдалануға **тыйым салынады**.
- Кез келген емтихан материалдарымен жұмыс істегенде түзету сұйықтығын немесе түзету жолағын пайдалануға **тыйым салынады**.
- Емтихан бөлмесінде темекі шегуге, тамақ ішуге **тыйым салынады**, тек қана түссіз шөлмектегі суды ғана қолдануға болады.
- Емтихан алушының рұқсатысыз кез келген себеппен емтихан бөлмесінен шығуға **тыйым салынады**.
- Емтихан бөлмесінен емтихан бланкілері мен жауап парақтарын алып кетуге **тыйым салынады**.
- Емтихан бөлмесінің жанында шулауға **тыйым салынады**.

## БЕРІЛЕТІН КЕҢЕСТЕР МЕН АҚПАРАТ

### ЕМТИХАНҒА УАҚЫТЫНДА КЕЛІҢІЗ

- Тест өткізілетін күнін, уақытын және орнын алдын ала біліп, емтиханға ертерек келіңіз.
- Кешігіп келген үміткерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

### ЕМТИХАН КЕЗІНДЕ БЕРІЛЕТІН КЕҢЕСТЕР МЕН КӨМЕК

- Емтихан алушыны мұқият тыңдап алыңыз және оның нұсқаулықтарын орындаңыз.
- Егер сіз не істеу керектігін білмесеңіз, қолыңызды көтеріңіз. Емтихан алушы сіздің жаныңызға келеді.
- Дұрыс жауап берілмегені үшін балдар төмендетілмейді, сондықтан барлық сұрақтарға жауап беруге тырысқан жөн.
- Берілген нұсқауларды мұқият оқып шығып, оларды орындаңыз.

### ЕГЕР:

- сізге дұрыс емтихан бланкісі берілмеді деп ойласаңыз;
- сізге берілген емтихан бланкісінде парақтары жетіспесе немесе ол нашар басып шығарылған болса, емтихан алушыны хабардар етіңіз;
- Сұрақтарды түсіндіруді сұрамаңыз, ешқандай түсініктемелер берілмейді.
- Егер емтихан күні өзіңізді нашар сезінсеңіз немесе кез келген басқа да жағдайлар емтихан нәтижесіне әсер етуі мүмкін деп ойласаңыз, емтихан алушыны дереу хабардар етіңіз.

## ЕМТИХАНҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

**Көшіру, кез келген басқа да адал ниетсіз жасалған әрекеттер, осы ережелер мен нұсқауларды бұзу фактілері анықталған жағдайда сіз емтиханға одан әрі қатысу құқығынан айырыласыз.**